

Бекітемін:
АВС+ жеке мекемесінің
меңгерушісі: **Борибекова А.С.**



29.08.2025 ж.

АВС+ жеке мекемесі

2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	1. 2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын талқылау. 2. Әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс жоспарын бекіту. 3. Педагогтердің оқу жылына дайындығы және жоспарлау құжаттарының жүргізілуі. 4. Педагогтердің өздігінен білім жетілдіру тақырыптарын бекіту. 5. Әртүрлі мәселелер.	29 тамыз 2025жыл	Меңгеруші, әдіскер
2	1. І тоқсандағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы. 2. Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырудағы тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану. 3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің талдауы. 4. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері. 5. Әртүрлі мәселелер.	28 қараша 2025жыл	Әдіскер, педагогтер
3	1. 2025–2026 оқу жылының І жартыжылдығындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы. 2. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру жолдары. 3. Балалардың даму мониторингінің аралық нәтижелері. 4. Педагогтердің өздігінен білім жетілдіру жұмыстары. 5. Әртүрлі мәселелер.	30 қаңтар 2025 жыл	Әдіскер, педагогтер
4	1. 2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебі. 2. Балалардың даму мониторингінің жылдық нәтижелері. 3. Педагогтердің кәсіби жетістіктері мен шығармашылық жұмыстары. 4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық. 5. 2026–2027 оқу жылына арналған ұсыныстар.	29 мамыр 2026 жыл	Меңгеруші, әдіскер

АВС+ жеке мекемесі
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІНІҢ
№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «29» тамыз 2025 жыл
Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет
Төрайымы: Борибекова А.С.
Хатшысы: Алтынбекова Қ.

Қатысқандар:

1. Алтынбекова Қ.
2. Әлдебекова Ж.
3. Байдилданова А.

КҮН ТӘРТІБІ

2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.

Педагогтердің жаңа оқу жылына дайындығы және жоспарлау құжаттарының жүргізілуі.

Педагогтердің өздігінен білім жетілдіру тақырыптарын бекіту.

Өртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша

Әдіскер Борибекова А.С. сөз алып, 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспар Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық актілері негізінде әзірленгені айтылды. Жыл бойы өткізілетін әдістемелік іс-шаралар, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жұмыстары, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шеберлік сағаттары, семинарлар және тәжірибе алмасу бағыттары қамтылғаны түсіндірілді.

Қаулы:

2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары бірауыздан бекітілсін.

Жоспардағы іс-шаралардың уақытылы әрі сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.

2-мәселе бойынша

Әдіскер педагогтердің жаңа оқу жылына дайындығы туралы ақпарат берді. Педагогтердің перспективалық жоспарлары, циклограммалары, ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарлары, балалардың жеке даму карталары, мониторинг құжаттары және басқа да міндетті құжаттардың талапқа сәйкес жүргізілуі талқыланды. Құжаттарды жүргізуде бірыңғай талаптарды сақтау қажеттілігі атап өтілді.

Қаулы:

Барлық педагогтер жоспарлау құжаттарын қолданыстағы талаптарға сәйкес жүргізсін.

Құжаттардың сапасы мен уақытылы толтырылуына әдістемелік бақылау жүргізілсін.

Анықталған ескертулер белгіленген мерзімде түзетілсін.

3-мәселе бойынша

Педагогтердің 2025–2026 оқу жылына арналған өздігінен білім жетілдіру тақырыптары қаралып, олардың кәсіби шеберлігін арттыруға және заманауи білім беру технологияларын тәжірибеге енгізуге бағытталғаны айтылды.

Қаулы:

Педагогтердің өздігінен білім жетілдіру тақырыптары бекітілсін.

Әр педагог жылдық жоспарға сәйкес жұмыс жүргізіп, жыл соңында атқарылған жұмысы бойынша шығармашылық есеп берсін.

4-мәселе бойынша

Өртүрлі мәселелер аясында жаңа оқу жылының ұйымдастыру жұмыстары, санитариялық талаптарды сақтау, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау және ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту мәселелері қарастырылды.

Қаулы:

Кеңесте қабылданған барлық шешімдердің орындалуы қамтамасыз етілсін.

Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы тұрақты бақылауда болсын.

Төрайымы:  Борибекова А.С.

Хатшысы: _____ Алтынбекова Қ.

ABC+ жеке мекемесі
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: «28» қараша 2025 ж.

Қатысқандар:

1. Алтынбекова Қ.
2. Әлдебекова Ж.
3. Байдилданова А.

Төраға:  Борибекова А.С.

Хатшы:  Алтынбекова Қ.

Күн тәртібі:

1. «Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырудағы тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану» тақырыбындағы баяндама.
2. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің қорытындысы мен талдауы.
3. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері.
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруда қолданылатын заманауи педагогикалық технологиялар, ойын арқылы оқыту, зерттеу әдістері, STEM элементтері, АКТ қолданудың маңыздылығы туралы баяндама жасады.

Шешімі:

Заманауи әдіс-тәсілдерді ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жүйелі қолдану.

Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бойынша тәжірибе алмасуды жалғастыру.

2-мәселе бойынша:

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге талдау жасалып, педагогтердің жұмысына оң баға берілді. Әдістемелік ұсыныстар айтылды.

Шешімі:

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тәжірибесін барлық педагогтерге тарату.

Ұсынылған әдістемелік ұсынымдарды оқу-тәрбие процесінде қолдану.

3-мәселе бойынша:

Балалардың даму мониторингінің қорытындысы қаралып, білім, білік және дағдыларды меңгеру деңгейіне талдау жасалды. Балалардың басым бөлігінде оң даму динамикасы байқалғаны айтылды.

Шешімі:

Мониторинг нәтижесіне сәйкес жеке жұмыстарды ұйымдастыру.

Даму көрсеткіші төмен балалармен түзету және қолдау жұмыстарын жүргізу.

Мониторинг нәтижелерін тұрақты бақылауда ұстау.

4-мәселе бойынша:

Әр түрлі мәселелер қарастырылды:

Жаңа оқу жылына дайындық;

Құжаттардың жүргізілу сапасы;

Топтардың дамытушы ортасын толықтыру;

Ата-аналармен жұмысты жандандыру.

Шешімі:

Барлық педагогтер оқу жылының жоспарына сәйкес жұмыстарды уақытылы орындасын.

Құжаттамаларды талапқа сай жүргізу қамтамасыз етілсін.

Дамытушы ортаны толықтыру бойынша ұсыныстар орындалсын.

Қабылданған шешімдердің орындалуы әдіскердің бақылауында болсын.

Төраға:  Борибекова А.С.

Хатшы: _____ Алтынбекова Қ.

ABC+ жеке мекемесі

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІНІҢ

№ 3 ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: «30» қаңтар 2026 ж.

Қатысқандар:

1. Алтынбекова Қ.
2. Әлдебекова Ж.
3. Байдилданова А.

Төраға: _____ Борибекова А.С.

Хатшы: _____ Алтынбекова Қ.

Күн тәртібі:

2025–2026 оқу жылының жартыжылдығындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы.

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында балабақшаның оқу-тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттары негізінде жүзеге асырылды.

Жартыжылдық барысында ұйымдастырылған іс-әрекеттер перспективалық жоспар мен циклограммаға сәйкес өткізілді. Педагогтер білім беру процесінде ойын технологияларын, дамытушы оқыту әдістерін, зерттеу және шығармашылық жұмыстарды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдаланды.

Балалардың даму мониторингінің қорытындысы тәрбиеленушілердің басым бөлігінің күтілетін нәтижелерді меңгергенін көрсетті. Танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дамуы бағыттары бойынша оң динамика байқалды. Дамуында қосымша қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілермен жеке жұмыстар ұйымдастырылып, ата-аналарға тиісті ұсынымдар берілді.

I жартыжылдықта педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында әдістемелік кеңестер, семинарлар, шеберлік сағаттары, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер және өзара тәжірибе алмасу жұмыстары өткізілді. Ашық оқу қызметтеріне жасалған талдаулар нәтижесінде педагогтерге әдістемелік ұсынымдар беріліп, озық тәжірибелер таратылды.

Тәрбие жұмысы аясында мемлекеттік және ұлттық мерекелерге, танымдық, спорттық және мәдени іс-шараларға арналған мерекелік бағдарламалар ұйымдастырылды. Ата-аналармен ынтымақтастық нығайтылып, жиналыстар, кеңестер, ашық есік күндері және жеке консультациялар өткізілді.

Сонымен қатар, топтардың дамытушы заттық-кеңістіктік ортасын жетілдіру, қауіпсіздік талаптарын сақтау және құжаттамаларды сапалы жүргізу бағытында жүйелі жұмыстар атқарылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Білім беру қызметінде инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануды жалғастыру;

Балалардың даму мониторингі нәтижелері бойынша жеке жұмыстарды күшейту;

Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру;

Ата-аналармен серіктестікті нығайту;

Тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына бағытталған білім беру ортасын жетілдіру.

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында жоспарланған оқу-тәрбие жұмыстары толық көлемде орындалды. Қойылған мақсаттар мен міндеттердің басым бөлігі жүзеге асырылып, білім беру сапасының оң көрсеткіштері байқалды.

Төраға _____ Борибекова А.С.

Хатшы: _____ Алтынбекова Қ.

АВС+ жеке мекемесі
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІНІҢ
№ 4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «29» мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Қатысқандар:

1. Алтынбекова Қ.
2. Әлдебекова Ж.
3. Байдилданова А.

Төраға: _____ Борибекова А.С.

Хатшы: _____ Алтынбекова Қ.

КҮН ТӘРТІБІ

Әртүрлі мәселелер

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы және 2026–2027 оқу жылына дайындық жұмыстары.
2. Педагогтердің жылдық жоспарлары мен жұмыс құжаттарын жаңа оқу жылына әзірлеу.
3. Оқу-дамытушы ортаны жаңа талаптарға сәйкес толықтыру.
4. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік техникасы және санитариялық талаптарды сақтау.
5. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына қатысуы және өздігінен білім жетілдіру жұмыстары.
6. Ата-аналармен жаңа оқу жылындағы ынтымақтастық жоспарын бекіту.

7. Әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарын бекіту.

8. Педагогтердің ұсыныстары мен пікірлері.

ТЫҢДАЛДЫ

Әдіскер Борибекова А.С.сөз алып, 2025–2026 оқу жылының әдістемелік жұмыстары өз жоспарына сәйкес орындалғанын атап өтті. Жыл бойы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған семинарлар, шеберлік сағаттары, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, консультациялар және өзара тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылғанын баяндады.

Сонымен қатар, жаңа 2026–2027 оқу жылына дайындық барысында барлық топтардың оқу-дамытушы ортасын мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес жаңарту, оқу-әдістемелік құралдарды толықтыру, құжаттарды талапқа сай рәсімдеу қажеттігі айтылды.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтау, өрт қауіпсіздігі және санитариялық-гигиеналық талаптарды қатаң орындау қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

Педагогтердің жаңа оқу жылында біліктілікті арттыру курстарына қатысуы, инновациялық технологияларды қолдануы және кәсіби дамуын жүйелі жалғастыру ұсынылды.

Ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту, жаңа оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарын алдын ала бекіту және ата-аналарды білім беру процесіне белсенді тарту мәселелері қаралды.

СӨЗ АЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Борибекова А.С. жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтаудың маңыздылығын атап өтті.

Тәрбиеші Сейфуллина Р. оқу-дамытушы ортаны толықтыру бойынша ұсыныстарын білдірді.

Тәрбиеші Әлдебекова Ж. ата-аналармен бірлескен іс-шараларды көбейту және жаңа жобаларды енгізу туралы пікір айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. 2025–2026 оқу жылының әдістемелік жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. 2026–2027 оқу жылына дайындық жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес уақытылы аяқталсын.
3. Барлық педагогтер оқу жоспарлары мен құжаттарын нормативтік талаптарға сәйкес рәсімдесін.
4. Әр топтың пәндік-дамытушы ортасы жаңа оқу жылына дейін толық жабдықталсын.
5. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік техникасы және санитариялық талаптардың орындалуы тұрақты бақылауда болсын.
6. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына қатысуы және кәсіби шеберлігін жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.
7. Ата-аналармен ынтымақтастық жоспары бекітіліп, жүйелі түрде жүзеге асырылсын.
8. Осы қаулының орындалуын бақылау балабақша меңгерушісі мен әдіскерге жүктелсін.



Төраға: Борибекова А.С.

Хатшы: Алтынбекова Қ.